

ДАРЫНДЫ АЗАМАТ ЕДІ

Жалған дүние... зымырап өткен заман-ай, көше ғана жастық шағымызды бірге өткізіп, бір партада отырған достарымыздың арамыздан кетіп, бақылық болғаны жанымызға бататыны шындық. Тек қолымыздан келері оларға Құран бағыштау. Олардың жасаған жақсылығын, халқыңа арнаған еңбегін айту біздердің парызымыз. Міне санаулы күндерден кейін киелі Нұра топырағында орын тепкен Шет ауданының 80 жылдығы аталып өтілмек. Жылдар жылжып өткенін осыдан ақ білуге болады. Міне сол ауданымыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан азаматтардың көбісі арамызда жоқ болса да соларды ұрпағыңа, халқыңа таныстыру міндет. Газетіміздің өткен санында бірге оқыған Мекітай жайында айтсам, енді Тұяқбайды еске алып отырмын.

Тұяқбай Жосалбаев менімен бірге 50-ші жылдары мектепті бірге бітірді. Жасынан зерек, еңбек десе ерінбейтін Тұяқбай сабақ оқуда да алда болды.

Тегіне тартқан зеректігі болар мектеп ұстаздарының ілтипатына ие болды. Қашан көрсең қолынан кітабы түспейтін оны достары да қатты сыйлайтын. Ол сабақты жақсы оқуымен қатар өнерге де бір табан жақын еді. Бірге оқыған Мекітай екеуі талай мерекелерде мектептің атын шығарып, өнер байқауларында жүлдегер танылып жүрді. Сахнада ол көбінесе «Аңшының әні», «Уа Зәуреш», «Балқадіша» әнін айтып тыңдаушыларын тебірендетін. Сол әнін талай тойларда айтып, жиналған көпшілікті думандатып жататын. Сол Тұяқбай бәріміз мектепті бітіріп, қолымызға көмелеттік аттестат алып, жан-жаққа жол тарттық. Ол уақытта мектепті бітірген балалар қазіргі 16-17 дегі балалар сияқты емес, ересек сияқты көрінетін. Араларымызда колхоз-совхоздан жиналғандар тіпті екінші, үшінші жылға қалып қойған оқушылар да бар болатын. Ұмытпасам Тұяқбай аудандағы Жұмкин Боранбай,



қалды. Жазған құлда шаршау бар ма, Ретай екеуіміз тосып отырдық. Әйда бір кезде үйден Тұяқбай шықты, қолында уылжыған жас қыз. Бәріміз аң-таңбыз. Қалай сөйлестің деп ымдап сұраған боламыз. Сөйтсек Тұяқбай амандық-саулықтан кейін әке-шешесіне қыздарын ұнатып қалғанын айтып, өтініпті. Қандай ержүректілік десеңші.

Содан екеуі көлікке тақала бергенде бір топ келіншек бізді қаумалап алсын. Олардан тезірек құтылу керек сасқанымнан қалтамдағы бір бума ақшаны шашып жібердім. Ол өзімнің бір айлық жалақым болатын. Келіншектер ұмар-жұмар ақшаға таласып жатқанда тайып тұрдық. Үйге әкеліп, дүбірлетіп той жасадық. Иә, бұл да бір өткен кезең еді. Соның бәрі бүгін көрген түстей көз алдымнан көлбеңдеп өте шығады.

Тұяқбай еңбек десе ішкен асын жерге қоятын азамат. Аудандық комсомол комитетінде еңбек етіп жүргенде ауыл жастарын еңбекке жұмылдыра білді. Қандай қоғамдық жұмыс болсын тартынбайтын жас маман бірден араласып кететін. Кейінде ол аудандық тұтынушылар қоғамына товаровед-болып ауысты. Бұл салада да үздік еңбегімен танылып, 1962 жылы аудан орталығындағы дүкендердің директоры болса, кейінде осы тұтынушылар қоғамы директорының орынбасары міндеттерін атқарды. Осы сау-

Мағауия Сатыбалдиндермен Астана қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына барған еді. Ол оқуды түсіп тұрған жерінен оқымай, бір қызға ғашық болып ауылға қайтып келді. Келгеннен кейін өзінің үйленетіндігін айтты. Біз туысқан болып келеміз. Екеуіміз бір үйде тәрбиелендік, ол менің жеңгем Рымтайдың туған інісі. Әке-шешеден ерте айырылған соң туған апайы қолына алып, сол үйде болды. Әйда үйленем деп тұрса қарап тұрамыз ба, бірден іске кірістік. Мен оған тілекші аға ретінде қамқоршы болдым. Алатын қызды сұрастырсақ Ленин колхозында қазіргі «Айғыржал» бөлімшесінде тұратын Құрмантай деген кісінің қызы екен. Тұяқбай ол кезде аудандық комсомол комитетінде инструктор болып жұмыс істейді. Аяғында сықырлаған құрым етік, үстінде сықырлаған костюм шалбар тіп-тік келген әдемі ақ жігіт болатын.

Содан бір күні Орджоникидзе атындағы кеңшарда жүргізуші болып еңбек ететін Ретай Сүлейменовтің Газ-51 машинасымен жолға шықтық. Бәрімізде қобалжулымыз. Айтқан үйге келіп те жеттік. Ұялып, қысылып тұрған Тұяқбайды көрмедім. Ол бетті еді. Бірден «сендер отыра тұрыңдар, мен сөйлесіп келейін» деп кетіп

дасаласында ұзақ жылдар еңбек етті. Қашан көрсең де тұтынушылар талғамымен санасып, оларға сапалы тауардың сатылуына қол жеткізді. Сатушылар да Тұяқанды қатты құрмет тұтатын, сыйлайтын. Оларға қолынан келген көмегін аямайтын. Кішілеріне қамқор болса, үлкендерге іні болып кішіпейілділік көрсетті. Тоқсаныншы жылдары тізіммен босатылатын азық-түліктің өзін дұрыс бөлуге тырысатын. Бәрі де осы Тұяқбайдың алдына келетін. Ешқайсысының да бетін қайтармауға тырысатын. Сол адамдардың көбісі Тұяқбайдың жанашырлығын, адалдығын күні бүгінге дейін айтып жүреді.

Тұяқбайдың өзі жоқ болса да артында ұрпағы өсіп келеді. Әмина екеуі екі ұл, бес қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Әмина қазірде кіші баласы Бауыржанның қолында. 18 немересі бар, үлкен немересі Динарадан Аяулым атты шөбере сүйіп отыр.

Бүгін еліңе елеулі, ғалқыңа қалаулы болған Тұяқбайды еске алып отырмын. Марқұмның артында қалған ұрпағына тек жақсылық болсын. Әкелерің ізің ұрпағы жалғастыра берсін деп тілеймін.

Өкен ЖУАСБАЙҰЛЫ.